

Ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 761 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 29 қазанда № 8861 тіркелді.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.06.2023 № 470 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Су көлігі департаменті (Қ.Н. Тілепов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралында ресми жариялануын, оның ішінде оны Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрінің
2013 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 761 бұйрығымен
бекітілген

Ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидалардың іс-әрекеті "Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 862 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 281) тармақшасына сәйкес уәкілетті органның бұйрығымен кеме қатынасы санатына жатқызылған ішкі су жолдарына қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арналық іздестіру - су жолдарын зерттеу мен барлық жол жұмыстарының түрлерін техникалық құжаттамамен қамтамасыз етуге бағытталған топографиялық және гидрографиялық кешен;

1-1) жер қазу керуені – құрамына көп жапырақшалы грейфермен жабдықталған арнайы түбін тереңдету снаряды немесе жүзбелі кран кіретін, түбін тереңдету (жер қазу) немесе түзету жұмыстарын орындауға тартылған техникалық флоттың қосалқы кемелер тобы;

2) жер үсті су объектілері - су айдындары (өзендер және соларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа ішкі су айдындары, аумақтық сулар) мұздықтар, батпақтар;

3) жол жұмыстары – ішкі су жолдарындағы су түбін тереңдету, түзеп-жөндеу, тральдау, су түбін тазарту, іздестіру және навигациялық жабдықтарды орналастыру мен күтіп-ұстау жөніндегі басқа да жұмыстар;

4) кеме қатынасы – шағын көлемді кемелерді пайдалана отырып атқарылатын қызметті қоспағанда, жүктерді, жолаушылар мен олардың багажын, почта жөнелтілімдерін тасымалдау, сүйретіп жүзу, пайдалы қазбаларды іздеуді, барлауды

және өндіруді, балық аулауды және өзге де кәсіпшіліктерді, құрылыс, жол, гидротехникалық, су асты-техникалық және басқа да осыған ұқсас жұмыстарды, лоцмандық алып өтуді, құтқару операцияларын жүргізу, су объектілерін қорғау, оларды ластану мен қоқыстанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, суға батқан мүлікті көтеру, мемлекеттік бақылау мен қадағалау, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін кемелерді пайдалануға байланысты қызмет;

5) Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары (бұдан әрі - ішкі су жолдары) - кеме қатынасы мақсатында пайдалануға болатын табиғи немесе қолдан жасалған қатынас жолдары;

6) навигация - кеме қатынасын жасау мүмкін болатын уақыт кезеңі;

7) навигациялық белгілердің сызбасын орналастыру – белгіленген тәртіпте навигациялық жабдықтар белгілері көрсетілген өзен учаскесінің сызбасы;

8) тұру пункті - кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін жөндеу, олардың жылдың жазғы және қысқы мезгілінде тұруы, оларды техникалық байқаудан өткізу мақсатында жайластырылған және жабдықталған жер учаскесі мен су беті объектісінің акваториясы;

9) түзету жұмыстары – кеме жүрісінің габариттерін ұстау мен жиектің жанамасын бекітуді және бөгеу мен басқа гидротехникалық құрылыстарға бөгетті отырғызуға әзірлеуге бағытталған жол жұмыстарының түрі;

10) уәкілетті орган – ішкі су көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) уәкілетті органның кәсіпорны - қызмет көрсететін шекаралар шегінде кемелердің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету мақсатында ішкі су жолдарын және кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын (шлюздерін) тиісінше күтіп-ұстау мен дамыту үшін өндірістік қызметті жүзеге асыру негізгі міндеті болып табылатын ішкі су көлігінің мемлекеттік кәсіпорны;

12) ішкі су жолдарының сызбасы (лоцман картасы) – кеме жүрісінің тереңдігі мен габариттері көрсетілген, навигациялық белгілер мен бағдарлау, су жүрісі көрсетілген өзен учаскесінің сызбасы (картасы).

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жол жұмыстары уәкілетті органның кәсіпорны ішкі су жолдарындағы кеме қатынасын құру, күтіп-ұстау, дамыту және қауіпсіз пайдалану мақсатында жүргізіледі.

Жол жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету астананың жергілікті атқарушы органына жүктелген, астананың әкімшілік-аумақтық шекарасы шегіндегі Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесін қоспағанда, су жолы жұмыстарын, оның ішінде мемлекет меншігіндегі порттарда рейдтер және осы порттардың айлақтарына кіреберістерді

жасау мен күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізуді, сондай-ақ кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын күтіп ұстау мен тасымалдаушының технологиялық байланысты ұйымдастыруын уәкілетті органның кәсіпорындары жүзеге асырады.

Порттарға осы Қағидалардың 5-тармағының екінші абзацында көрсетілмегендеріне кіреберістердегі, сондай-ақ тоқтау пункттеріндегі жол жұмыстарын жүргізуді олардың иелері жүзеге асырады.

Ішкі су жолдарын және олардағы кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарын күтіп ұстау жөніндегі жұмыстар жол жұмыстарын жүргізуге арнайы рұқсатсыз жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Уәкілетті органның тиісті кәсіпорындары су жолдарының әрбір учаскесі бойынша ішкі су жолдарының схемасын жасайды (лоцманды карталар).

7. Өзенде навигациялық белгілерді орнату схемалары уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің ұсынымдарын есепке ала отырып жыл сайын түзетіледі. Көлдер мен су қоймаларында 5 жылда 1 реттен кем емес.

8. Навигациялық белгілерді орнату схемалары навигация кезеңінде түзетілуі мүмкін

Навигация кезінде ішкі су жолдары күйімен және навигациялық жабдықтарымен болған барлық өзгерістер кеме жүргізушілерінің назарына дер кезінде жеткізіледі.

9. Уәкілетті органның тиісті ішкі су жолдарының әрбір учаскесі бойынша кеме жүру кезеңіне немесе ұзақ мерзімге, бірақ 3 жылдан көп емес жол жұмыстары жобасын құрастырады.

10. Кеме қатынасы жағдайында су жолдарын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды орындау кезінде жол жұмыстарының жобасы басшылық құжат болып табылады.

11. Жол жұмыстары жобасының міндеттері:

- 1) белгілерді орнатудың схемасын жасау;
- 2) шектеулі қайранды анықтау;
- 3) объектілер бойынша мүмкін болатын жұмыс көлемін есептеу;
- 4) оларды орындаудың реттілігін анықтау;

5) табиғи жағдайдың және учаскеде болып жатқан арнаның қайта құрылу есебімен техникалық құралдарды орналастырудың онтайлы нұсқасын таңдау болып табылады.

12. Жол жұмыстары жобасының басты негізі алдыңғы жылдарда жасалған арналық іздестіру болып табылады.

Навигация барысында кеме қатынасы су жолдарындағы гидрологиялық жағдайдың өзгеруіне қарай уәкілетті органның кәсіпорны уәкілетті органмен келісу арқылы жол

жұмыстары жобасына әрбір жол учаскесі бойынша бұрын іске асыру жоспарланған жұмыстардың көлемдерін қайта бөлу, мерзімдерін (кезеңін), ұзақтығын, орындарын және орындалу кезектілігін өзгерту бөлігінде түзетулер енгізуге жол береді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жол жұмыстарын жоспарлау тәртібі

13. Жол жұмыстарын жоспарлау уәкілетті органмен кеме жүретін күйде су жолдарын қамтамасыз ету және шлюздерді ұстау бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырманы әзірлеу шеңберінде уәкілетті орган кәсіпорны ұсынған деректер негізінде жүзеге асырылады және келесілерден тұрады:

1) кеме жүзетін жағдайда су жолдарын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары;

2) навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алу) және қызмет көрсету бойынша іс-шаралар кестесі.

Ішкі су жолдарындағы құрылыстардың (оның ішінде салынып жатқан құрылыстардың) иелері жол жұмыстарын қажеттілігіне қарай жоспарлауды жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Кеме жүзетін жағдайда су жолдарды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспарымен орындалатын жол жұмыстарының түрлері, олардың орындалу мерзімдері, ай бойынша бөліп табиғи бірлік өлшемінде және ақшалай түрде орындалған жұмыстардың көлемі белгіленеді.

15. Кеме жолындағы навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алу) және қызмет көрсету бойынша жұмыстардың көлемі навигацияның тәуліктік созылуына кемеңнің жүретін жолдың километрі ұзақтығын көбейтумен километр-тәуліктерде анықталады.

Түбін тереңдету және түзету жұмыстарының көлемі өткен жылдардағы жұмыс талдауларын және техникалық құралдардың бар болу мүмкіндігін есепке ала отырып арналық іздестіру түсірілімдері бойынша мың текше метрмен анықталады.

Түбін тереңдету жұмыстарының көлемі өткен жылдардағы жұмыс талдауларын және техникалық құралдардың бар болу мүмкіндігін есепке ала отырып тралдау жұмыстарын және су шайып кететін жағалауларды барлау кезіндегі зерттеу нәтижелерімен құрастырылған жол шеберлерінің актілері бойынша тоннамен анықталады.

Тралдау жұмыстарының көлемі сүзілетін еніне, сүзілген су жолдары ұзындығының туындысы ретінде есептеп шығарылатын шаршы километрмен сүзілетін ауданмен анықталады.

Арналық іздестірудің көлемі кеме жолы бойынша түсірілген учаскенің километрінде анықталады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.10.2018 № 753 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алу) және қызмет көрсету бойынша іс-шаралардың кестесімен ішкі су жолдарының ұзақтығы, навигациялық жабдықтардың қолданылу мерзімі, судың жобалық деңгейін және тірек су өлшегіш су бекетін немесе гидроэлектростанция жармаларындағы судың ең аз шығынын көрсету арқылы кеме жүретін жолдың кепілді көлемдері, навигациялық белгілердің мөлшері белгіленеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 16.07.2025 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Жол жұмыстарын өткізу тәртібі

1-параграф. Арналық іздестіру жұмыстары

17. Жол жұмыстарының барлық түрлерін жобалау және ұйымдастыру үшін негіз болып арналық іздестіру жұмыстары табылады.

18. Арналық іздестірулер осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес кемелерінің құрамындағы арналық іздестіру партияларымен орындалады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Арналық іздестіру партияларының штатын жұмыс жағдайына, сипаттамасына, көлемі мен ұйымдастыруына байланысты уәкілетті органның кәсіпорны белгілейді.

20. Арналық іздестіру партиялары брандвахталарда немесе өздігімен жүретін кемелерде орналасады. Жер қазумен байланысты көлемі бойынша көп емес жұмыстарды бір уақытта орындау үшін партияның құрамынан отрядты бөлу кезінде оның балшық сорғыш кемелеріне орналасу мүмкіндігі туындайды.

21. Арналық режимді одан әрі жақсы зерттеу, жұмыстың сапасын жоғарылату және өндірісті тездету мақсатында әрбір арналық іздестіру партияларына су жолдарының арнайы учаскелері уәкілетті органның кәсіпорны бұйрығымен бекітіледі.

22. Кеме жолдарын күтіп ұстау мақсатында ішкі су жолдарында орындалатын іздестіру жұмыстарының құрамына келесілер кіреді:

1) арналық түсірілімдер мен гидрологиялық ізденістерді орындау үшін жоспарлы және биіктік негіздемелерін (іздістіру жұмыстарын жүргізу үшін геодезиялық негіз) құру және орнату жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

2) неғұрлым қиын учаскелерді анықтау үшін навигация басталғаннан бастап кеме жүрісінің жай-күйіне тексеру жүргізу;

3) жол жұмыстарын жүргізудің кезектілігі мен мерзімдерін айқындау;

4) жол жұмыстарын жобалау және жоспарлау, олардың тиімділігін анықтау үшін қажетті бастапқы, қайталама және бақылау арналық түсірілімдерді орындау;

5) түбін тереңдету ойықтарын трассалау, оларды табиғатқа шығару, түзеу құрылыстарының жобаларын сыртқа шығару;

6) ойықтардың ірілендірілген жоспарларын жасау және түбін тереңдету жұмыстарының көлемін есептеу;

7) алынатын топырақ үйінділерінің орнын анықтау;

8) ішкі су жолдарының карталарын және кеме жолдарының сызбаларын жасау.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 16.07.2025 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-1. Ойықтағы алынатын топырақ көлемін есептеуді уәкілетті органның кәсіпорны бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары арқылы жүргізеді.

Ескерту. Қағидалар 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 16.07.2025 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-2. Арналық іздістіру партиясының жұмысы жоспарланғанға дейінгі жылдың соңына дейін жасалатын іздістіру жұмыстарын жүргізу жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда, навигациялық кезеңде іздістіру жұмыстарын жүргізу жоспарын түзетуге жол беріледі.

Ескерту. Қағидалар 22-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 16.07.2025 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-3. Навигация аралық кезеңде іздістіру жұмыстары келесі жағдайда орындалады:

1) навигация аяқталғаннан кейін арналық іздістіру партиясының мамандары барлық алынған навигациялық материалдарға камералдық өңдеуді жүргізеді және қағаз бен цифрлық жеткізгіштерде орам жоспарларының альбомын дайындайды;

2) жол жұмыстарының жобасын әзірлеу үшін арналық іздістіру партиясының мамандары түсірілім негізінде түбін тереңдету, түзеу және түбін тазарту жұмыстарын жүргізу схемаларын, жұмыс көлемінің және топырақ үйіндісі орнының есептеулерін әзірлейді.

Ескерту. Қағидалар 22-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 16.07.2025 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-4. Навигациялық кезеңде арналық іздестіру партиялары іздестіру жұмыстарын жүргізу жоспарына және уәкілетті органның кәсіпорны бекіткен оларды жүргізудің ай сайынғы күнтізбелік кестесіне сәйкес түсірілім жүргізеді.

Түбін тереңдету ойықтарын бақылап түсіруді арналық іздестіру партиясының мамандары уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері өкілдерінің қатысуымен орындайды.

Іздестіру жұмыстарының жұмыс журналы негізінде жасалатын ай сайынғы есеп және арналық іздестіру партиясының басшысы толтыратын наряд-тапсырмалар жолды пайдалану қызметіне (немесе ұқсас функцияларды орындайтын өзге де қызметке) тапсырылады және бес жыл бойы сақталады.

Ескерту. Қағидалар 22-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 16.07.2025 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Түбін тереңдету (жер қазу) жұмыстары

23. Түп тереңдету (жерқазу) жұмыстары құрамы қолданылатын жерснарядтың түріне, өңделетін топырақтың қасиеттеріне, топырақты тасымалдау шарттарына, гидрологиялық жағдайлардың сипаттамаларына байланысты болатын жер қазу керуендерімен орындалады.

Жеңіл және ауыр топырақтарда жұмыс істеуге арналған жер қазу керуендері осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес кемелерден тұрады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа едакцияда - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Техникалық флот кемелерінің жылжуы диспетчерлік қызмет арқылы қосалқы буксир кемелерімен жүзеге асады.

25. Судың саяз жеріндегі түбін тереңдету (жер қазу) жұмыстарын ұйымдастыру арналық іздестіру түсірілімдердің жоспарына сәйкес жүзеге асады.

26. Тілікке жерснарядын орнатуға дейін жергілікті жерде тіліктің шекаралық белгілері (жармалар) орнатылады, сонымен қатар жұмысты орындауға қажетті технополимен қамтамасыз ету үшін (транштардың ұзыны бойындағы жармалары, топтамалардың арасындағы көлденең шекараларының жармалары) қажетті белгілер орнатылады. Жармалар арналық түсірілімдердің жоспарларына сәйкес орнатылады.

27. Жерснарядты орналастыру қатаң түрде жергілікті жерлерде орнатылған жармалар (немесе координаттар) бойынша жүзеге асады.

28. Тіліктен алынған топырақты төсеу арналық түсірілімдердің жоспарында көрсетілген жерде орындалады. Топырақтың үйіндісі кемелердің жүзуіне ешқандай кедергі жасамауы тиіс және қайтадан тілікке түспеуі қажет.

3-параграф. Түзету жұмыстары

29. Түзету жұмыстары түп тереңдету (жерқазу) жұмыстарымен кешенді түрде жер қазу керуендерімен жеркаравандармен және осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес кемелерінің құрамындағы түзету бригадаларымен орындалады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа едакцияда - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Түзету құрылыстарының түрлері және техникалық құралдарының түрлері оларды тұрғызу үшін судың саяз жеріндегі гидрологиялық сипаттамаларына және болып жатқан арналық қайта қалыптастыруларға байланысты таңдалады.

31. Алып тасталды - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Түзету құрылыстарын тұрғызу бойынша жұмыстар арналық іздестіру түсірілімдердің жоспары бойынша орындалады, онда жоспарда түзету құрылыстың орналасуы, қондырғының параметрлері (ұзындығы, ені, қажетті топырақтың көлемі), құрылысты салып алу үшін топырақты үйіп алу орны көрсетіледі.

4-параграф. Түбін тазалау жұмыстары

33. Түбін тазалау жұмыстары арнайы техникалық құралдарымен (карчекрандар, жүзу крандары) орындалады. Кеме жолдарынан жеке карчтарды жинау жұмыстары кеме жолдарынан тыс сүйреу жолымен сүйрейтін кемелермен жүзеге асуы мүмкін, одан әрі карчекранның көмегімен жағалауға бір жола алынып тасталады.

34. Өздігімен жүре алмайтын түбін тазалау снарядтарын пайдалану кезінде оларды жұмыс орнына қарай сүйрету және жұмыс орнына бекіту жұмыстары қосалқы сүйрейтін флот көмегімен жүзеге асырылады.

35. Кеме жүзу басталған кезде ең алдымен кеме жолдарының шегінде орналасқан және тар жағалауларда апатты жағдай жасайтын барлық су асты кедергілері жойылады. Жұмыстар жоғарғы учаскеден басталады.

36. Учаскенің төменгі шекарасына дейін түскеннен соң түбін тазалау снаряды қайта жоғары учаскеге көтеріледі. Егер де түбін тазалау снаряды өздігімен жүре алмайтын болса, онда ол қосалқы сүйрейтін кемелерге жалғанады.

37. Екінші жолда төменгі ағыс бойынша снарядпен су жолдарының тең екілік кепілді енінің бойында пайда болған кедергілер жойылады.

38. Үшінші жол кезінде, су тасу уақытында өзен арналарында кедергілердің пайда болуын болдырмау үшін, сумен шайылатын жағалауларда жағалау тазалау жұмыстарын орындайды.

39. Алынған кедергілер сумен шайылмайтын жағалауға немесе ескі арнаға көшіру қажет және де келесі жолы су тасу мен мұз жару уақытында өзеннің арнасына қайта шайылып кету мүмкіндігін болдырмау есебімен жиналу қажет.

40. Алынған кедергілерді тасымалдау және оны қауіпсіз жерге тиеу үшін қосалқы флот (сүйрегіштер, баржылар, шаландылар) пайдаланылады.

5-параграф. Навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алу) және қызмет көрсету бойынша жұмыстар

41. Ахуал қызметіндегі негізгі өндірістік буын (навигациялық жабдық қызметі) болып жол шеберімен басқарылатын ахуал учаскесі табылады.

42. Ахуал учаскесінде жұмыстың көлеміне, кеме жолының қарқындылығы мен сипаттамасына байланысты қызмет көрсетудің бригадалық, посттық және бригадалы-посттық нысандары қолданылады.

43. Ахуал учаскелерінің шекарасы уәкілетті органның кәсіпорнымен белгіленеді.

44. Ішкі су жолдарының кеме жүретін учаскелерін күрделілік санаттары бойынша сыныптау кеме жүрісінің белгіленген кепілдендірілген габариттеріне және навигациялық жабдық құралдарының әрекет ету режиміне байланысты жүзеге асырылады.

Учаскелер мынадай санаттарға бөлінеді:

бірінші санат – арнасы тұрақсыз, шектейтін таяз өткелдері бар учаскелер;

екінші санат – гидроморфологиялық жағдайлары тұрақты учаскелер.

Ескерту. 44-тармақ жаңа едакцияда - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Ішкі су жолының кеме жүретін учаскесін жағдайлық бригадаға бекіту ұзындығы оның күрделілік санатына қарай айқындалады және:

бірінші санаттағы учаске үшін – 15-тен 50 километрге дейін;

екінші санаттағы учаске үшін – 51 және одан да көп километр қамтиды.

Ескерту. 45-тармақ жаңа едакцияда - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Ахуал учаскелерінің ұзақтығы посттық қызмет көрсету нысаны кезінде 5-14 шақырым құрайды.

47. Навигациялық жабдықтың белгілерін орнату навигацияның ашылуына дейін 3-4 күн бұрын басталады.

47-1. Кеме қатынасы қарқындылығының дәрежесіне және кемелердің ішкі су жолдары бойынша қозғалысының қажеттілігіне қарай түнгі уақытта навигациялық жабдық жарықтандырылмайтын, шағылыстыратын немесе жарықтандырылатын болуы мүмкін.

Ескерту. Қағидалар 47-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 16.07.2025 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Навигациялық жабдықтардың белгілерін шешу навигацияның жабылуынан кейін 3-4 күн ішінде жүргізіледі.

49. Навигациялық жабдықтың белгілерін құру және алу кезінде қосымша қосалқы флот пайдаланылады, яғни 1-2 бригадаға сүйрейтін кемемен қоса бір баржы-алаңша есептеледі.

50. Навигациялық кезеңде ахуалдық учаскелерді айналып өту уәкілетті органның кәсіпорнымен әзірленетін айналып өту кестесіне сәйкес жүргізіледі.

51. Айналып өту кезінде тереңдерді өлшеу, белгілердің орнын ауыстыру, белгілерді қоқыстар мен шөптерден тазалау, су болып қалған және сынған белгілерді ауыстыру, жарық сигналдық қондырғыларды тексеру және ауыстыру жұмыстары жүргізіледі.

52. Ахуалдық базада болған жағдайда навигациялық белгілері жөндеу, оларды кептіру, тазалау және бояу, жаңа белгілерді жинау, зәкірлерді дайындау бойынша жұмыстар, сондай-ақ кемелерге және басқа да жүзу құралдарына (қайықтар, понтондар) қызмет көрсету жұмыстар орындалады.

6-параграф. Трал жұмыстары

53. Трал жұмыстарын арнайы тралдық бригадалары орындайды. Қажет болған жағдайда жергілікті және авариялық тралдауды жабдықталған бригадамен орындауға болады.

54. Тралдық бригадалар кемелерде орналасады. Бригадалар міндетті түрде екі моторлы қайықпен, қатты және жұмсақ тралмен жабдықталған болуы тиіс.

55. Трал жүргізудің сипаттамасы және мерзімі бойынша жалпы, жергілікті және авариялық болып бөлінеді.

56. Жалпы трал уәкілетті органның кәсіпорнымен бекітілген кесте бойынша жүргізіледі.

57. Жалпы трал бойынша жұмыстар жоғары учаскеден су тасқынының төмендеуінде басталады.

58. Кепілдендірілгеннен 1,5 есе асатын терең өңіп кеткен учаскелерден басқа жалпы тралдау жұмыстарын транзиттік кеме жолдарының барлық бойында орындайды.

59. Жергілікті трал жұмыстарын жалпы тралдау жұмыстары кезіндегі аралықта барлық судың саяз жерлерінде, босағаларда, кеме тоқтайтын жерлерде және де жағалаулардың қатты шайылған учаскелерінде, сондай-ақ кеме жолдары такелажбен,

бөренелермен ластануы мүмкін учаскелерде жүргізеді. Тралданатын жолдың ені кеме жолдарымен жүретін жүзбелі белгілермен қоршалған еніне сәйкес болуы керек.

60. Авариялық тралдау жұмыстары қандай да бір су жолының учаскелерінде кемеге қауіп туғызатын зәкір, лот немесе басқа да бір зат суға батқан кезде, немесе кеме әлде салдар апатқа ұшыраған жағдайда жүргізіледі.

7-параграф. Кеме қатынасының қарқындылығына талдау жүргізу

Ескерту. Қағидалар 7-параграфпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 27.06.2023 № 470 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Су жолдарының қызмет көрсетілетін кеме қатынасы учаскелерінің ұзақтығына қажеттілікті айқындау және жол жұмыстарының жоспарланып отырған көлемін өзектендіру мақсатында кеме қатынасының қарқындылығына талдау жүргізіледі.

62. Ішкі су жолдарындағы кеме қатынасы учаскелерінде кеме қатынасының қарқындылығын талдауды уәкілетті орган уәкілетті органның кәсіпорнымен бірлесіп бес жылда бір рет жүргізеді.

63. Кеме қатынасының қарқындылығын талдау жоспарланған тасымалдау маршруттары және кеме қатынасы ұйымдары ұсынатын жүктер мен жолаушыларды тасымалдау маршруттары туралы деректер негізінде жүргізіледі.

Ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жол жұмыстарын жоспарлау және жүргізу қағидаларына қосымша

Жол жұмыстарын орындау үшін қолданылатын кемелердің құрамы

Ескерту. Қағидалар қосымшамен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 129 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Атауы	Кеме түрі	Саны
1	Өзендердегі жабдықталған бригада	Жабдықталған кеме	1 бірлік
2	Су қоймаларындағы жабдықталған бригада	Буксирлік сүйрейтін кеме немесе жабдықталған кеме	1 бірлік
		Жабдықталған баржа	1 бірлік
3	Арналық іздестіру партиясы	Іздестіру кемесі немесе өлшеу катері	1 бірлік
		Мотоқайық	1 бірлік
		Брандвахта	1 бірлік

		Буксирлік сүйрейтін кеме *	1 бірлік
4	Түзету бригадасы	Грейферлі қалқымалы кран	1 бірлік
		Мотозавозня	1 бірлік
		Қызметтік-қатынау кемесі	1 бірлік
		Мотоқайық	1 бірлік
		Буксирлік сүйрейтін кеме *	1 бірлік
		Экологиялық кеме*	1 бірлік
		Мұнай құятын баржасы*	1 бірлік
5	Түбін тазарту бригадасы	Буксирлік кеме	1 бірлік
		Кәріз жинайтын кеме (кран)	1 бірлік
6	Жеңіл топырақта жұмыс істеуге арналған жер қазу керуені	Рефулерлік немесе фрезерлік жерснаряд	1 бірлік
		Мотозавозня	2 бірлікке дейін
		Брандвахта	1 бірлік
		Буксирлік сүйрейтін кеме *	3 бірлікке дейін
		Экологиялық кеме*	1 бірлік
		Мұнай құятын баржасы*	1 бірлік
7	Ауыр топырақта жұмыс істеуге арналған жер қазу керуені	Көпшөмішті жерснаряд немесе грейферлі қалқымалы кран	1 бірлік
		Мотозавозня	2 бірлікке дейін
		Баржа немесе шаланда	2 бірлікке дейін
		Брандвахта	2 бірлікке дейін
		Буксирлік сүйрейтін кеме *	3 бірлікке дейін
		Экологиялық кеме*	1 бірлік
		мұнай құятын баржасы*	1 бірлік

* - Аралас учаскелерде жұмыс істейтін бірнеше бригадаларға қызмет көрсетуге рұқсат етілген кемелер